



28 МАУСЫМ – ЖУРНАЛИСТИҢ ТӨЛ МЕРЕКЕСІ



Жануалықтың алдында жүретіндер

Журналистер, халықтың көзі емес пе, Арман мұңын айтатын сөзі емес пе? Алтын-күміс арқалап жүрсе дағы, Жеп жүргені жантақтың өзі емес пе?!

Күн құрайтын келетін айдан жылдан, Нұр құрайтын жүрекке жайған жырдан. Ал әріптес, мереке құтты болсын, Берекесін бақыттың айналдырған..!

Марат МАМАНБАЙ

ҚЫЗЫҚСТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ



(Жалғасы 4-бетте)

ТІЛ – МАЙДАН



Бала қазақ екенін біліп өсуге тиіс

Министрлер әр келген сайын бір жаңалық-өзгерісін сүйрей келеді. Бірақ оның арты жас балалардың психикасына, ата-анаға салмақ боларын ойлап жатпайды. Бізге бірнәрсені түзеу үшін міндетті түрде біреулерді титықтатып барып шешім қабылдау керек пе? Бізге шама келгенше қателесуге болмайды.

(Толығырақ 4-бетте)



**ЖАҢБЫРДАН
КЕЙІН АРЫҚ
ТАЗАЛАЙМЫЗ**

3



**«ПАРКОМАТ»
ҚАНШАЛЫҚТЫ
ТИІМДІ?**

4



**ЕГЕР КОММЕНТАТОР
БОЛСАМ...**

8

ҚҰРЫҚ

«Бика – открывашка»

(Деректі детектив)



Айсыз қараңғы түн. Жол бойында үсті-басы қан аралас батпаққа малынған жалғыз адам тұр. Көрден шыққандай. Адам кейіпті, қорқынышты міскінге ешкім тоқтамайды. Тәлтіректеп, бір қолымен кеуде тұсын басып, бір қолымен көлік тоқтатып тұрған жан «түн қарақшысы» сияқты.

(Толығырақ 3-бетте)



БИРЖАМЕТР



МҰНАЙ (brent)

50,09



DOLLAR

339



EURO

378



РУБЛЬ

5,29



ЕУРАЗΙΑ ЖҮРЕГІНДЕ

АЛМАТЫ – ТЕГЕРАН 30 МАУСЫМНАН БАСТАП

Алматы – Тегеран рейсінің ашылуына орай 75 000 теңге* құрайтын ғажайып тарифімізді Қазақстан қалаларынан брондауға ұсынамыз. Рейстер аптасына 3 рет «Эмбраер-190» әуекемесімен орындалады.

air astana



*Сатылымда 31 шілдеге дейін. Валюта айырбас бағамының өзгеруіне байланысты билеттің бағасы өзгеруі мүмкін.

Билік

Тұрақты және қауіпсіз әлем – қажетті құндылық!

Қазақстанның БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің 2017-2018 жылдардағы тұрақты емес мүшелігіне сайлануына байланысты мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың үндеуі

Қымбатты отандастар!
Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығы белесінде тағы бір маңызды тарихи оқиға болды. Еліміз Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің 2017-2018 жылдардағы тұрақты емес мүшелері құрамына енді. Бұл Кеңес — Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысымен «халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздіктің басты жауапкершілігі» жүктелген, тұрақты жұмыс жасайтын орган. Еліміздің оған сайлануы — Қазақстанның халықаралық аренадағы беделі мен еңбегінің мойындалуы деген сөз. Біздің еліміз бейбітшілікті, қауіпсіздікті және орнықты дамуды жақтайтынын тәуелсіздік жылдарының бәрінде өзінің нақты істерімен дәлелдеп келеді. Оны баршаныз білесіздер. Семей ядролық полигонын жабу және қуаты жөнінен төртінші зымырандық-ядролық арсеналдан бас тарту туралы шешімімізді бүкіл жер шары біледі және қолдайды. Бізге әлемдік қоғамдастықтың мұндай сенім көрсетуі мемлекетіміздің қарқынды дамуына және береке-бірлігімізге де байланысты. Бұл тек біздің еліміздің ғана емес, сондай-ақ бұған дейін ешқашан халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке жауап беретін органда өкілеттілік етпеген бүкіл Орталық Азия субөңірінің де табысы.

Еліміз алдағы екі жылға БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің мүшелігіне сайланды. Бұл халықаралық қатынастағы күрделі кезең болмақ. Біз жаһандық проблемаларды шешудің жолдарын іздестіруге сүбелі үлес қосатын боламыз. Тұрақты және қауіпсіз әлем — бұл



азаматтарымыз бен балаларымыз үшін аса қажетті құндылық. Біз жаһандық қоғамдастықтың назарын бұған дейінгі көкейкесті бастамаларымызға аударуға ниеттіміз. Олар ядролық қару мен соғыс вирустары және жанжалдардан азат әлем құруға бағытталған. Еліміз осы ізгілікті мақсатына БҰҰ-ның құрылғанына 100 жыл толатын 2045 жылға қарай қол жеткізу үшін жұмыс істейтін болады. Біз менің БҰҰ-ның 2015 жылы өткен Бас Ассамблеясының 70-ші сессиясында жариялаған лаңкестікке қарсы бастамамды дамытумен айналысамыз. Қазақстан, сондай-ақ су, энергетикалық және азық-түлік қауіпсіздігі мәселесін шешуге күш салады. Осының барлығы әркімге де қатысы бар өзекті мәселе. Қазіргі заманғы шетін проблемаларды шешуге қатысу біздің алдымыздан көптеген елдермен және өңірлермен қарым-қатынастарымызды дамыту үшін мүмкіндік ашады. БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне сайлану — бүкіл Қазақстан

халқының еңбекпен келген табысы. Бұл — ұлт толысқандығының көрсеткіші. Біз бейбітшілік пен ынтымақтастықтың ортақ құндылығын ілгерлетуге қабілетті жауапкершілікті мемлекет ретінде бізге қолдау көрсеткен барлық елге ризашылығымызды білдіреміз. Біздің республикамыз БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіндегі өкілеттігін қамтамасыз ету жөніндегі құрметті миссиясын лайықты орындайтынына сенімдімін.

Бұл Қазақстанның әлемдегі аса дамыған мемлекеттер қатарына ену, қауіпсіз және өсіп-өркендеген болашақ құру жолындағы тағы бір тарихи қадамы болмақ. Мен барлық отандастарымызды ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығы белесіндегі осы маңызды оқиғамен құттықтағым келеді. Бұл — еліміз үшін қуануға болатын лайықты оқиға. Еліміз осынау зор сенімнің үдесінен шығып, Қазақстанның әлемдік аренадағы абыройы асқақтай түсеріне көміл сенемін! Баршанызды осы табысымызбен құттықтаймын!

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

8,8

млн теңге. Атышулы кәсіпкер Тоқтар Төлешов 4 әйелін қағаз жүзінде сыра зауытына орналастырып, ай сайын осынша «жалақы» төлеп келген

13,5

млн теңге. Алматылық азамат футболдан Германия командасы Еуро-2016 жартылай финалына шығады деп бәс тікті

Сөз-жебе

Ахметжан ЕСІМОВ, «Астана ЭКСПО-2017» ҰК» АҚ басқарма төрағасы:

«Бұқаралық ақпарат құралдарында Астана қаласы автокөлік жолдары басқармасының жетекшісі «Астананың кейбір көшелері ЭКСПО–ға байланысты жөнделіп, салынбайды» деді. Ал Қосшы қаласының әкімі сұхбат бере отырып, «жол салуға бөлінген қаржының бәрі «ЭКСПО»–ға кетіп жатыр» деді. Оңтүстік Қазақстан облысы, тіпті ЭКСПО–ның «салдарынан» көпқабатты үйлердің арасындағы жеке секторды «сала алмай жатыр» екен. Тіпті балалардың жәрдемақылары енді ЭКСПО–ның кесірінен төленбей қалатын күйге жетіппіз. Бұның барлығы ақылға сыймайтын дүниелер»

Құттықтаймыз!

«Түркістан» газетінің Бас редакторы Шәмшидин Пәттеев Қазақстан Президентінің БАҚ саласы бойынша сыйлығының иегері атанды.

«Жас қазақ» газеті қазақ журналистикасының дамуына зор үлес қосқан әріптесімізді шын жүрекпен құттықтайды!

Тілшіге баспана берілді

Алматы облысының әкімі Амандық Баталов кәсіби мереке қарсаңында Жетісудың қос талантты журналистіне пәтер кілтін табыс етті. Кезінде «Қазақстан» Ұлттық телеарнасына да «Апта.кз» бағдарламасын жүргізген танымал журналист Есболат Айдабосын, ақын Ерлан Жүніс өңір басшысының қолынан екі бөлмелі пәтердің кілтін алды. Баспаналы болған әріптестеріміздің қуанышына ортақпыз.

АПТАНЫҢ АЙТҚЫШЫ

Жақып АСАНОВ, Бас прокурор:

«Мен осы қызметте отырғанымға екі ай болды. Бүгінге дейін біреуді жұмысқа алуымды әрдайым сұрайды. Күн сайын бір түйіндеме (резюме) тықпалайды. Біздің жастардың басым бөлігі «ағашқалары» мен «төтешқаларына» сеніп алған. Олар үшін бұл қалыпты жағдай. Менің ойымша, дәл осы мәселеде олар емес, біз, прокуратура басшылығы кінәлі. Себебі жұмысқа алуда әділ жүйе қалыптастырған жоқпыз»

– Лаңкестік оқиға жиілеп кетті. Сәләфизмге тыйым салуға болмай ма?

Сауалы

Аптаның Жауабы

Мәулен ӘШІМБАЕВ, Мәжіліс депутаты:

– Сәләфизм бұл идеология. Оған жайдан-жай тыйым сала алмайсың. Қоғамдық ұйым болса, жауып тастауға болатын еді. Ал идеологияға біз қалай тыйым саламыз? Әрине, қандай да бір шешім қабылдауға болады. Алайда идеологиямен күресудің ең тиімді жолы – идеологиямен идеологияны қою. Біздің идеологиямыз оған қарсы басқа идеологияны қою. Біздің идеологиямыз Әбу Ханафи мәзхабы, жатсынбаушылық, мәдениаралық диалог идеологиясы. Міне, біз осы тұрғыда күрес жүргізуіміз керек.

Әлеумет.t⁰

Ердуанның хаты және Левиафан газы

Ердуанның бұл жетіде Путинге жолдаған хаты, Ресей басышының Түркия президентіне телефон соғуы ақпарат құралдары үшін күнде «қолға түсе бермейтін олжаға» айналды. Ресейлік интернет басылымдар «Түркия президенті кешірім сұралды» деп шулап жатқанда біздегі орысшасы бар, қазақшасы бар, түрлі сайттар мұны жапа-тармағай жарыса жариялады. Ертеңіне Мәскеуден «Кешірім сұрамапты», «Кремль сайтындағы «I apologise to them» деген аударма сөйлем «Excuse us» деп өзгертіліпті деген хабар таралды. Әріптестеріміз қай дерекке сенерін білмей, әбден басы қатты. Түркия президентінің ресми өкілі Ибраһім Калын да ресейлік БАҚ-тың хабарын теріске шығарды. Түгел дерлік жекеменшік болып табылатын түрік газеттерінде кешірім жөнінде әңгіме жоқ. Олар Ердуанның хатында әскери ұшқыштың өліміне байланысты «Üçüñiñ», «Kusura bakmasñlağ» деп жазылғанын хабарлады.

Мамандар ағылшын тілінде келтірілген алғашқы тіркесті «Кешіріңіздер» деп те, «Айыпқа бұйырмаңыздар» деп те топшылауға болатынын айтады. Қазір орыс саясаттанушылары жиі ауызға алып жатқан түрік тіліндегі тіркестердің «Өкімім», «Бізге ренжімесін, Сөге жамандамасын» деген мағына беретіні белгілі. Осынау қарапайым мысал біздегі ақпарат құралдарының сыртқа терістік көрішінің көзімен қарайтынын, шетелдерде қазақтілді меншікті тілшілеріміздің болуы көкейкесті мәселе екенін тағы да көрсеткендей.

Бірі шекаралас көрші, енді бірі бауырлас Ресей мен Түркия арасындағы тонның жібуі, сөз жоқ, бізге де тиімді. Экономикалық дағдарыс тұсында аймақта геосаяси ахуал ушықса, пайдасынан зияны көп. Бір ғана мысал. Былтырғы қарашадан кейін Түркиядан автокөлікпен Ресей аумағы арқылы тауар жеткізу қиынға айналды. Бұл өз кезегінде онсыз да жеңіл өнеркәсібі жұтан еліміздегі базар мен дүкенде киім-кешек пен тұтыну бұйымдары бағасының шарықтап кетуіне әкеп соқты.

Айта кету керек, Анкара мен Мәскеудің арасы бузылған тұста Сириядағы лаңкестердің жер-жердегі қанды бүлігі үдей түсті. Кесір-кесепаты қазақ

даласына да жетіп жатыр. Осы аптада Балқаш маңында сәләфи ағымының бір өкілі өзін-өзі жарып жіберіп, қалған алтауының ұсталғаны белгілі болды. Бұлар Қарағанды өңірінде лаңкестік әрекет жасауды жоспарлапты. Ал Түркияда соңғы 11 айда болған 20 терактіден 1600 адам көз жұмды. Содырлар Ресейге де қауіп төндіре бастады. Мәскеу, әсіресе, күрд жікшілдеріне қолдау көрсету түбі жақсылыққа апармайтынын енді түсіне бастағандай. Кеше сыртқы істер министрі С. Лавров Сирия дағдарысын Түркиямен бірлесіп шешу керектігін мәлімдеді.

Ол ертен түрік әріптесі Мәуліт Чавушоглымен Сочиде кездесіп, бірлескен іс-қимыл жайын талқыламақшы. Ресей мен Түркия арасындағы бұрынғы байланысты қалпына келтіруге біздің еліміз де әжептеуір еңбек сіңірді. Содан болар, түрік үкіметінің басшысы Бинәли Йылдырым Қазақстанға ризашылығын жүрекжарды лебізімен жеткізді.

Бұл жетіде Түркия мен Израиль арасында бұдан бес жыл бұрын бузылған байланысты қалпына келтіру жөнінде келісімге қол қойылды. Американың ара ағайын болуымен. Екі ел арасында сауда-экономикалық байланысты жандандыруға ділгір. Энергетикалық есеп те жоқ емес. Израильдің Жерорта теңізі аумағындағы Левиафан кенішінен табылған табиғи газ қоры Таяу Шығыс пен Еуропадағы көмірсутегі нарығына елеулі өзгеріс енгізуі мүмкін. Тель — Авив қоры 1 трлн текше метрді құрайтын осы газдың 80 пайызын Жерорта теңізінің табанына 550 шақырымдық құбыр төсеп, Түркияға, одан әрі көрі құрылқа жеткізгісі келеді. Егер құны 2,5-3 млрд долларды (басқадан арзанырақ) құрайтын жоба жүзеге асса, түріктер мен Еуропаны «көгілдір отынмен» қамтамасыз ететін Ресейге тегеурінді бәсекелес пайда болуы мүмкін. Бәзбір сарапшылар Мәскеудің Анкарамен достасуға тезірек ниет білдіруінің бір себебі осында деген пікірде.

Мүмкін.

Срайыл СМАЙБЫЛ

ҰҚК: 6 лаңкес ұсталды

ҰҚК басшысы Владимир Владимировтың айтуынша, Қарағанды облысында өзін-өзі жарып жіберген лаңкес пен Ақтөбедегі терактінің байланысы жоқ. Ол алты адам ұсталып, біреуі өзін-өзі жарып жібергенін айтты.

Еске сала кетейік, сәрсенбі күні Қарағанды облысының Балқаш қаласы мен Гүлшат елді мекенінде қолдан жасалған жарылғыш заттарды пайдаланып, террорлық акті жасауды жоспарлаған радикалдық топ қызметінің жолы кесілді. Гүлшат кентінде лаңкестердің бірін ұстаған кезде, ол өз-өзін жарып жіберіп, алған жаракатынан сол жерде көз жұмды.

Құрық

(Басы 1-бетте)

Елсіз, иен далада қарсы алдыныздан дәл осындай қанға бөккен құбыжық шыға келсе, сіз не істер едіңіз?! Қорқатыныңыз, тіпті көлігіңізді тежеу түглі, сол қарғыс атқыр жерден құтылғанша асығатыныңыз анық қой.

Өлім мен өмір арасында қалған кісінің басына не келіп, не кетпейді?! Қара жолдың бойында жел айдаған қаңбақтай бірде ары, бірде бері сенделіп келе жатқан бұл да қиялмен Алматыны алты айналып, біраз жерді шарлап кеткен...

ҚЫЗ – ҚАҚПАН

Есіне алғаш түскені — танысы Беріктің үйі. Бұл оның пәтеріне қалай барып еді? Шақырған жоқ, өзі кіріп шықпақшы болған. Берік жалғызбасты жігіт. Есігін қакты. Сымбаты сынбаған, қырықтан асса да қылшығы таймаған бір сұлу әйел ашты. Аржақтан Беріктің зор дауысы естіледі. Пәтерде әдеттегіден бөлек отырыс болып жатыпты. Дастарқанды ас үйге емес, ортадағы кең бөлмеге жайған. Қонағасыға көз тоятындай: құстың сүті, жылқының өтінен басқаның бәрі бар. Мұны көрген пәтердің қожайыны қуанып кетті. Ал әлгі сылқым шақырусыз қонаққа аса ықылас таныта қоймағандай.

— Бәтима — деп сүйрік саусақтарын созды есік ашқан сары келіншек. Бұл ауыз ашқанша: «Жандос» — ескі танысым, білікті журналист, детектив жанрының жүйрігі» — деп үй иесі мұны өзі таныстырып үлгерді.

Берік мұны төрге, келіншектің қасына жайғастырып жатып: «Жанна — үйдің жанындағы әйідік мейрамхананың администраторы. Басы бос, тартымды келіншек» — деп әзілге айналдыра таныстырды. Жандос келгенге дейін бұлардың қызып алғаны көрініп тұр: қызыл мойын бөтелке бұрышта теңкііп жатыр. Бәтима мұны жақтырмағандай көрінгенмен, кейін ұнатып қалғандай болды. Бұл жайғасып болмай-ақ, білегін мойнына асып, демін жакындатқаны...

Олар Беріктің үйінде көп отырған жоқ: Бәтима өз жоспарының бұлай бұзылғанын қаламаған сияқты. «Жігіттер, тар үйді тамаша қылғанша, жүріңдер, менің кафеме барайық. Шығынды өзім көтеріп аламын», — деп жомарттық қылды. Шараптың буы бойына тараған Берік пен Жандос бұл ұсынысқа қатты қуанды. Сөйтіп, мандайшасына Zai-zai деген жазу ілінген әйідік мейрамханадан бір-ақ шығады...

Бойынан әл кетіп, әлекке түсіп, қансырап келе жатқан Жандостың көз алдынан осы кадрлар ғана тізіліп өтті. Одан ары ойлауға шамасы келер емес: басы зеніп, көкірек тұсы удай ашып, бойы салдырап — дегбірі әбден қашқан. Ешкімнің тоқтамасына көзі жеткен соң, бұл машиналардың бәсендетіп, терезесін түсірді. Міскін күйге түскен бұл: «Мені құтқар!» деуге ғана тілі келген. Одан арғысы бұлынғыр...

АЖАЛДАН ҚҰТЫЛҒАН...

Ол есін жиғанда, аурухананың төсегінде таңылып жатқанын байқады. Мұны күтіп бір ақ халатты айдай сұлу қыз айналып-толғанып жүр. «Маған не болды? Бұл жерге қайдан келдім?» — деді ісініп кеткен ернін әрең жыбырлатып. «Қозғалмаңыз, демалыңыз! Кеуденізге ота жасалды» — дейді аккумулян көгілдіріндей ару. Бәсе, демі қысылып, кеудесі көтертпей тұрған еді. Арада екі күн өтті. Жандосты Алатау аудандық полиция басқармасынан екі жігіт іздеп келіп, әңгімеге тартты. Демі ауырлап жатса да, бұл есіне түскенінің бәрін тізіп жатыр.

АРПАЛЫС

Оқиға былай болған. Бұлар Zai-zai-ға барған соң, арақ пен шарап көл-көсір келеді. Бірер сағат өтпей, Жандос та, Берік те масайып ұйықтап қалған. Екі жігітті сылқитқан соң Бәтима бұрандап шығып кетеді де, мейрамханаға топырақтай сұрланған төрт жігіт сау етеді. Сөйтсе, олар жалданбалы жаналғыштар екен. Арасында бір Өзбекстан азаматы, екі қазақ, бір орыс жігіт бар. Жаналғыштар бірден іске кірісіп, ессіз жатқан екеуді ұрып-соғып, тұншықтырады...

«Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өлер» — деген рас екен. Ауыр соккыдан өлімші

Машиналар жылдамдығын үдетіп өтіп жатыр. «Аш пәледен қаш пәле» дейтін сияқты. Бұл фантастикалық кино емес, Алматыда болған оқиға.

**МАЗАСЫЗ МҮЙІС**

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



шеккен, бірнеше адам жазым болған» — дейді тергеуші...

Анығы — бұл жалға пәтер тауып беретін делдалдың (риелтор) қолымен жасалған қылмыс болып шығады. Бірнеше адамнан құралған топ құрамына мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің, дәріхана қызметкерінің есімі енген.

ҮЛЕС ПЕН КҮРЕС

Қылмыс сценарийі бір-біріне ұқсас. Алдымен мемлекеттік мекеме қызметкері жалғызбасты тұрғынның тізімін мейрамхана қожайыны

шығарып көміп тастайды екен. Арада бір-екі апта өткен соң мемлекеттік мекеме қызметкері араласып, тұрақты бір нотариусқа апарып, пәтер иесіне ұқсайтын бір адамды тауып, үйді сатады. Пәтердің жалдамалы қожайынына қол қойдыру, саудаласу сияқты жұмыстарды мекеме қызметкері өзі үйретіп, бақылауына алған. Одан ары саудаға түскен пәтерден әркім өз үлесін алады.

50/50 — мейрамхана қожайыны мен мемлекеттік мекеме қызметкерінің үлесі. 50 000 теңге — Бәтиманың қалтасына түсетін

«БИКА – ОТКРЫВАШКА»

(Деректі детектив)

болған Жандос бір кезде есін жиды. Демі қысылып, тынысы тарылып жатып қолын арлы-бері сілтеді. Бірақ қозғалар емес. Кеуде тұсы шаншиды. Бірдеме кадалып қалғандай. Қайда жатыр, қандай күйге түскен? Бағамына бара алар емес. Жүзін топырақ жапқанына қарағанда жер астында жатқан сияқты ма, қалай? Жүрегі су ете түсті. «Мынау көр болмасын, мен көрде жатқан жоқпын ба?» — деген суық ой бойын қалтыратып, бишара күйге түсірді.

ЖЕР АСТЫНАН ЖІГІТ ШЫҚТЫ

Айсыз қараңғы түнде қара топырақты жарып жалғыз қол шықты. Бес саусағы ауа қармап, жағаны тырмалай бастады. Қиыршық аралас қара топырақты көбесі қанаған көк тырнақ ары да, бері де тырмалады-ау...

Бұл — тірідей жерленген Жандос болатын.

«Адам баласының бойында тылсым күш болады» дегенді бұл талай кітаптан оқыған. Соған осы жолы көзі жеткендей. Өзінің тірідей жерленгенін, кандықолдардың мұны көміп кеткенін білгенде, кісі бойындай көрді жарып, балшық аралас топырақты қак айырып бір-ақ шықты. Шықты да тентек кісідей меніріп, қараңғы түнге қарай жүгіре жөнелді. Бір кезде өкпесі өшіп тоқтады. Сонда ғана байқады. Көкірегінде кадалған пышақ екен. Жұлып алды. Қан судай атылды. Өз-өзінен қорқып келе жатқан жігіттің зәресі одан әрмен ұшты. Бір қолымен кеудесін басып, жарық көрінген жаққа қарай сүйретілді...

СОТ ПЕН ОТ

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде бәрі анықталған. Бұл қылмыстық іс — жоспарланған, ұйымдасқан қылмыстық топтың кезекті шабуылы екен. Ауруханадан шығып, тергеушіден осының бәрін ет құлағымен естіп, өз көзімен танысқан Жандостың көз алды мұнартып кетті...

«Бұл — ұйымдасқан қылмыстық іс. Қандықолдардан бір емес, бірнеше кісі жапа

— шешен азаматына ұстатады. Одан ары сол мейрамханада болмашы жалақымен күнелтіп жүрген Бәтима құрбандықты шырғаға тартады. Реті келсе, оны мейрамханаға шақырады, үйіне барып төсектес те болады. Қолға түсірген соң, қорғансыз, әлсіз жанды ресторан қожайыны жалдамалы жандайшаптарға тапсырады. Бәтима қыздың қызметі осы. Ол сыбайластары арасында «открывашка» лақап есімімен танымал.

Құрбандық Бәтиманың қақпаның қаққан соң, жаналғыштар оны өлтіріп, қала сыртына

пәтерден де, ақшадан да айырылып, сан-соғып отыр. Құзырлы орган қызметкерлері қылмыстық топтың бұдан да басқа іспен қатысы бар-жоғын тексеруде. Мемлекеттік мекеме қызметкері, мейрамхана қожайыны, нотариус заңгері, дәріханадағы сатушы — бәріне қарсы қылмыстық іс қозғалған.

Жарас КЕМЕЛЖАН
(Кейіпкерлердің аты-жөні өзгертіліп алынды)



Коллаж: Галия ҚАЛИЕВА

Фотоайғақ**АСТАНА****ҚАЛАНЫҢ ОСАЛ ТҰСЫ – ЖАҢБЫР****АЛМАТЫ**



ҚОҒАМ

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Тіл-майдан

Жас қазақ: Сіз де өзіңізді ұлтжанды азаматтың бірімін деп ойлайсыз. Үш тұғырлы тіл саясатына өзіңіздің пікіріңіз қандай? Егер дұрыс саясат болса, бұл неге қарсылыққа ұшырап жатыр?

Ерболат Мұқаев: Мен жалпы ұлттың, жастардың тіл үйренуіне, көкжиегін кеңейтуіне қарсы емеспін. Дегенмен, келіспейтін тұстарым бар. Оны қазір түсіндіріп өтемін. Үш тұғырлы тіл саясатының бастан қарсылыққа ұшырауының негізгі себебі — о бастан дұрыс түсіндірілмеуінен. Бұл келешекте халыққа не береді, маңызы қандай, осының бәрі дұрыстап кенінен түсіндірілуі керек еді. Президент мемлекеттік тіл — қазақ тілінің ең маңызды рөл атқара отырып, орыс тілі мен ағылшын тілі осы мемлекеттік тілдің қасында бірге қолданатыны туралы айтқаны бар. Әрине, бүгінгідей аласапыран

3,10-11-сыныптарға кей пәндер ағылшынша оқытылуы мүмкін. Сонымен бірге нақты ғылымдарды түсіндіретін химия, физика, биология, информатика сабақтары жоғары сыныптарда ағылшын тілінде оқыту ұсынысы қызу талқыландуда. Менің түсінбейтінім — бұл пәндер өзі де күрделі пәндер қатарында. Бізде өз тілімізде түсіндіріп отырып та әлі де сапа көрсеткішін жақсартпай келе жатқанымыз шындық. Ал енді ертеңгі күні оны оқытатын мұғалім өзі мықты химик, сонымен бірге ағылшын тілін жетік меңгерген болуы міндетті. Ондай мұғалімді қайдан аламыз? Өздері бітпейтін қағаздарымен алысып, мұрнынан шаншылып жүрген мұғалімдер енді тіл үйрену курсына баратын болса, тіпті титықтап, қажып кетпей ме? Немесе, ұзақ жылғы тәжірибесі бар мықты мамандарды лақтырып

Осы аптада үш тұғырлы тіл төңірегінде пікірталас қайта жанданды. Алматыда арнайы жиын өтіп, қоғам белсенділері ойын ортаға салды. Бірі қолдайды, енді бірі қарсы. «Жас қазақ» газеті осы мәселе төңірегінде айтылып жатқан түрлі пікірді оқырман назарына ұсынады.



Ерболат МҰҚАЕВ, Сенат депутаты:

Бала қазақ екенін біліп өсуге тиіс

жағдайда, жаһандану кезеңінде ұлы көштің соңында қалмау үшін халықты тіл үйренуге шақыру, тіл білуге үндеу өте орынды мәселе. Біздің көптеген жұмыссыз жүрген заңгер, экономистеріміз келешекте шетелдік компанияларға жұмысқа кіре алар еді. Дәл бүгінгі таңда әлемнің басты елдерімен қарым-қатынасқа түсіп, кез келген жерде бизнес жасап кете алатын азаматтарымыз көбірек болса, бұл еліміз үшін жақсы болар еді. Біз тас ғасырында өмір сүріп отырғанымыз жок. Тек өзіміздің үңгірімізде отырып алып өзара ыммен түсінісу керек болса өз тіліміз де жетер еді. Бірақ жаңа заманның талабы басқа. Менің ойымша, тіпті мұны «үш тұғырлы тіл» деп саясатқа айналдырмаса да, уақыт талабы өз дегенін жасар еді. Бұл жерде бізді басқа жағдай аландатуы тиіс. Қазақтан басқа ешкімге керегі жоқ қазақ тілінің жағдайы қалай болады? Бұрынғы күніне зар болып қалмай ма? Қазақ тілі орыс тілі мен ағылшын тілінің тасасында қалмай ма? Міне, бұл үлкен мәселе. Қалай болғанда да, үш тұғырлы саясат жүзеге асырылған жағдайда одан қазақ тілі зиян шекпеуі керек. Қазақ тілінің сағаты қысқармауы керек. Тағы бір түсініксіз жері — тіл үйренуге қатысты саясатты қолдаймын, бірақ неге орыс тілін тықпалай беретініне таңмын. Бірден ағылшын және қытай тілін үйретпейміз бе?

Жас қазақ: Дегенмен, қауіптеніп отырғаныңыз байқалады. Сонда сізді аландатып отырған не, осы өзгеріс білім сапасына кері әсер етеді деп отырсыз ба?

Ерболат Мұқаев: 2017-2018 жылдары 2-5-сыныптарға, 2018-2019 жылдары

тастап, оның орнын ағылшын тілін жақсы білетін, бірақ химиясы нашар мұғаліммен алмастырамыз ба? Біз бұдан ештеңе де ұтпаймыз, сондықтан бұған жан-жақты дайындық қажет. Тіпті министр айтқандай, ондай бесасап мұғалім дайындалған күннің өзінде олар қаншама мектепті қамти алады? Балалар ше? Оларға қосымша ауырлық туындамай ма? Былайша айтқанда, балаға химияны үйрен дейміз бе, ағылшын тілін меңгер дейміз бе? Басқасын айтпағанда, ауыл мектептерінде білім сапасы бұрынғыдан да төмендеген, көптеген мектептер интернет жүйесіне қосылмаған. Әлде олар есепке кірмей ме?

Жас қазақ: Сонда сіз өз тарапыңыздан не ұсынасыз? Нақты ұсыныс айта аласыз ба?

Тақырыпқа орай
Ерлан САҒАДИЕВ,
білім және ғылым министрі:

«Үш тілге оқыту 2019 жылдың қыркүйегінен бастап 10-11-сыныптарда төрт сабақ бойынша енгізіледі. Физика, химия, биология, информатика пәндері ағылшын тілінде өтеді. Осы төрт пәннің екеуін оқушы таңдап алады. Аптасына 8 сағат. Бұл жүйе тек үш жылдан кейін іске асады. Үш тілге білім беру жүйесіне тек дайын мектептер ғана өтеді»



Сауалнама

«Паркомат» қаншалықты тиімді?

Алматыдағы «Көк базар» маңайына «Паркомат» қойылды. «Оңай» жүйесінен кейін сынға алынған бұл жаңашылдыққа қатысты жүргізушілердің пікірін біліп көрдік.

Еркін ЕЛУБАЕВ, жүргізуші:

«Мен бұл жерге аптасына екі рет келемін. Көлігімді 4-5 сағатқа тұраққа қоямын. Ол үшін 400-500 теңге төлеуге тура келеді. Бұл мен үшін тиімсіз. Одан бұрынғы тұрақ қызметкерлерінің жұмыс істегені дұрыс еді. Себебі мен қанша тұрсам да, бар жоғы 100-200 теңге төлейтін едім»

Ержан МҰРАТҰЛЫ, саудагер:

«Менің осында жұмыс істегеніме көп болды. Бірақ осы күнге дейін көлігімді тұраққа қойғаным үшін мұныша көп ақша төлеген емеспін. Біз бұл құрылғыға ақша төлеуге мәжбүрміз. Басқа амал жоқ. Ертеңгісін жұмысқа сағат 9:00-де келемін. Кешке сағат 18:00-де қайтамын. Осы уақыт аралығына төлеуім керек»

Мақсат САТЫБАЛДЫ, жүргізуші:

«Мен үшін бұл құрылғының тұрғаны немесе тұрмағаны маңызды емес. Базардан зат алуға аптасына 1-2 рет келемін. Ары кетсе, 2 сағат тұрамын. Сайкесінше төлеймін. Естуімше, осында жұмыс істейтін саудагерлер көлігін басқа жерге қойып, жсану келеді екен. Олай болса, бұл құрылғыны қоюдың қажеті жоқ сияқты»

Кайрат ЖАНҒЫЗОВ, «Паркомат» қызметкері:

«Бұл жерде жұмыс істеп жүргеніме он күннен асты. Сол он күннің ішінде 2500 автокөлік тұрақтап, оның тек 10 автокөлік жүргізушісі шағым түсірді. Оның өзінде осы жерде жұмыс істейтін саудагерлер»



Мендолла ШАМҰРАТОВ, Астана

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

Шет тілінде білім алу мен реформаны шатастырмау керек

Жас қазақ: Соңғы уақыттары үш тілділікке қатысты қоғам қайраткерлері белсенді түрде пікір айта бастады. Осы аптада «Қазақтың тілі мен тарихы — ұлттың алтын қазығы» деген тақырыпта қоғамдық талқылау өтті. Сіздің де ойыңызды білгіміз келеді?

Мұхтар Тайжан: Егер мына реформа 1 қыркүйектен бастап шынымен енгізілетін болса, қазақ мектебі жойылады деген сөз. Статистикаға қарайтын болсақ, бытыр қазақ мектебіне барған балалардың саны 85 пайыз болған. Мектеп түлектерінің 70 пайызы қазақ тілінде бітірген. Нәтиже өте мықты. Тіл жағынан алсақ та, мысалы, теледидардағы 100 арнаның 90 пайызы орысша. Бұлардың мақсаты — білімді көтеру емес, халықтың санасын улау. Басқа мақсат жоқ. Жаратылыстану пәндерін ағылшынша оқытуға ешқандай мүмкіндік жоқ екенін олар да біледі. Қай елге барсаңыз да, 100 пайыз ағылшынша сөйлей алады деп айта алмаймын. Ол қажет те емес.

Жас қазақ: Жақсы, ағылшын тілі қажет емес делік. Онда неге Сіздің балаларыңыз Англияда оқиды. Балаларыңыз ағылшын тілінде білім ала тұра, еліміздегі үштілді реформаға қарсылығыңызды немен түсіндіресіз?

Мұхтар Тайжан: Мен шетелде оқуға қарсы емеспін. Бірақ еліміздегі мектептерде білім қазақ тілінде берілуі керек. Менің балаларым 11 жыл мектепті қазақ тілінде оқиды. Мектеп



бітіргеннен кейін олар шетелге оқуға кетті. Қазақ баласының қай тілде білім алуын неге министр шешуі тиіс? Қазақ тілінде білім алу — әр баланың конституциялық құқығы. Менің балаларым мектепте оқығанда мұндай мүмкіндік болды. Яғни оларда физиканы, математиканы, географияны, дүниежүзі тарихын қазақ тілінде оқуына мүмкіндігі болды. Білім министрлігінің жоспары жүзеге асса, ондай жағдай жасалмайды. Сондықтан әрбір бала ана тілінде білім алуы керек. Ол дүние жүзінде солай. Шет тілдерді оқу керек, тек тіл ретінде ғана. Ал егер біз үшінші тіл ретінде ағылшын тілін енгізетін болсақ, қазақтілді кітаптар да керек болмайды. Өйткені, оқушы білім алуы үшін физика да, математика да, басқасы да ағылшын тілінде ғана болады. Өз тілінде сабақ беретін мұғалімдер де керек болмай қалады. Ал мектеп бітіргеннен кейін шетелде білім алуға болады. Өзім де шетелде білім алғанмын, әкем де бірнеше тілді білген. Тіпті біздің зиялы қауым Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейхановтар да бірнеше тілді меңгерген. Шет тілде білім алумен үштілді реформаны шатастырмауымыз керек.

Сұхбаттасқан
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Қызықстан қызықтары

Параны ақшамен емес, асфальтпен алған жол патруль полициясынан тартты. Tenngrinews.kz сайтының Алматы облыстық сотына сілтеме жасай отырып, таратқан хабарында парамен ұсталған жол-патруль полициясы взводының командирі В.Ивановқа қатысты үкім шыққаны туралы айтылды.

Параны асфальтпен алған

Алматы облыстық ПД қызметкері бір компаниядан өңделген асфальтті пара ретінде дәмептіпті. Ол осы талабы орындалған жағдайда ғана компанияға тиесілі көліктерді Алматы-Қапшағай тас жолында тоқтатып тексермеуге уәде береді. В. Иванов өткен айда құны 103 мың теңгені құрайтын 3 мәшине асфальтті алып жатқан сәтте құрықталды. Сот үкімі бойынша паракор 5 млн теңге айыппұл төлеп, оның мал-мүлкі тәркіленді. Сондай-ақ өмір бойы мемлекеттік қызметте жұмыс істей алмайтын болды. Бұған қоса, Қазақстан ішкі істер министрлігінің полиция майоры шенінен де айырылды.

Ел дамуының бір тірегі – экономикалық белсенді халық.

Олардың саны көп болу үшін халықтың дені сау болғаны маңызды. Халық денсаулығын сақтау, демографиялық ахуалды тұрақтандыру сияқты мәселелер мемлекеттің басты назарында. Елімізде денсаулық сақтауды нығайту мен медицина қызметін жақсарту мақсатында «Саламатты Қазақстан», «Денсаулық», «Ұлт жоспары – 100 нақты қадам» сынды мемлекеттік бағдарламалар іске асырылып жатыр. Бәсекеге қабілетті елдің бәсі басым болудың ең негізгі принципі де халықтың денсаулығын сақтауға негізделген. Сондықтан, медицина саласына айтарлықтай көңіл бөлініп отыр. Ал жыл сайын аталып өтілетін медицина қызметкерлерінің күні арқасына жауапты жүкті арқалаған абзал жандардың мерекесі ғана емес, бұл саладағы жетістіктер мен кемшіліктердің таразыға тартылатын да күні.

Талдықорғандағы Мәдениет сарайында Алматы облысының әкімі Амандық Баталов өңірдің медицина қызметкерлерін төл мерекесімен құттықтап, оларға артылған жүктін жауапкершілігі зор екенін айтты. Әкім өз сөзінде дәрігерлерге карата «Сіздердің қателесуге құқықтарыңыз жоқ. Өйткені, адам өмірі сіздердің қолдарыңызда» деді. Тиісінше, әкім денсаулық сақтау саласына шындап көңіл бөлуді өзінің парызы санайды. Себебі салтанатты жиын басталмас бұрын өңір басшысы мәдениет үйінің дәлізінде қаз-қатар тізілген ақпараттық стендтерді көріп, арнайы қойылған монитордан ауыр сырқаттарды емдеудің амал-қарекеті мен заманауи технологиялардың жұмыс барысымен танысты. Жүрекке ота жасауға әбден машыктанып алған облыстағы кардиохирургиялық орталықтың жұмысы жиналғандарды таң тамаша етті. Амандық Ғаббасұлы бұл орталыққа тағы да хирург дәрігерлерді тарту керектігін Алматы облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Асхан Байдуәлиевке тапсырды.

Облыста бүгінгі күні буынға ота жасаудың да оң нәтижелері бар. Буын ауруларына катысты отаны жасауда Анарбек Монғолханның еңбегі зор. Оның әдісі бойынша буыны алмастырылған сырқат бір тәуліктің ішінде тұрып, жүріп кетуі тиіс. Солай болып та жатыр. Жазым жаздайларда, кездейсоқ оқиғалардан болатын жарақат салдары адам тәнін мүшкіл хәлге жеткізеді. Мұндайда білікті дәрігер ғана көмектеседі. Травматологиялық бөлімнің жұмысымен танысқан Амандық Баталов буын аурулары мен жарақатты емдеушілерге арнайы бөлім немесе орталық ашудың қажеттілігі туғанын айтты. Денсаулық сақшылары ризашылығын білдіріп, қажетті құжатты дайындауға кірісетін болды. Осылайша, облыстағы денсаулық саласының мамандарымен емен-жарқын сөйлесіп, қал сұрасып, «қиындықтарыңды, проблемаларыңды айтыңдар» деген облыс басшысы халықтың денсаулығын сақтаудың мән-мәнін сездірді. Ақ халатты жандарға барынша қолдау білдіретінін, медициналық қызмет сапалы көрсетілуі керектігін де айтуды ұмытпады. Сарайдың үлкен залында салтанатты шараның ресми бөлігі өтті. Ең әуелі жүргізуші Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары Дариға Назарбаеваның құттықтау хаты оқылды. Осыдан кейін мінбеге шыққан өңір басшысы Амандық

Баталов облыстағы медицинаның жетістіктерін тілге тиек етіп, сала мақтанштарының есімін ерекше атап өтті.

Амандық БАТАЛОВ,
Алматы облысының әкімі:

— Халықтың денсаулығын жақсарту — мемлекеттік саясаттың басым бағыты. Елімізде диагностика мен емдеудің жаңа технологиялары даму үстінде, заман талаптарына сай емдеу-сауықтыру мекемелері іске қосылууда.

Дәрігерлер — ауа райының қолайсыздығына, қиындыққа қарамай, өздерінің кәсіби қызметін атқару кезінде жан-тәнімен беріле жұмыс істейді. Осының айғағы, жас нәрестенің өмірін сақтап қалу үшін күресіп, соңғы демі қалғанша қызмет көрсеткен Бақытгүл Қайсанова мен Гүлнұр Хамитованың есімдері — мәңгі халық жүрегінде қалады. Қайсар қыздарымыз — ерекше құрметке лайық жандар, ерлік істері — жасартарға үлгі. Сонымен қатар медицина саласының дамуына зор үлес қосқан ардагерлерге де ерекше алғыс білдіргім келеді. Олар — Секерғали Садықұлы Садықов, Өмірғали Кенжебекұлы Кенжебек, Седов Юрий Иванович, Мұса Шотаұлы Сейітқұлов, Фаина Габдишқызы Валишанова және тағы басқалары.

Емдеу, алдын алу мекемелерінде кардиохирургия, нейроинсульт, гемодиализ бөлімдері ашылып, жылжымалы медициналық қызмет, трассалық медициналық пункт, санитарлық авиация, реанимобильдер қызметі жандандырылууда. Биыл тегін кепілдендірілген медициналық

көмек аясында дәрі-дәрмектерге жергілікті бюджеттен 2652,1 миллион тенге қаражат бөлінген. Облыста қан айналым жүйесі, кант диабеті, глаукома, катерлі ісік дерті, сүт безі, тік ішек пен тоқ ішек, жатыр мойны рагін бастапқы сатысында анықтау мақсатымен скринингтік тексеру жүргізілуде. Тағы бір ауыз толтырып айтарлық жаңалық, шілде айында Талдықорған қаласында 300 орынды аурухананың ашылатындығы.

Денсаулық саласына бөлінетін қаражат көлемі биыл 68,3 миллиард тенгеге жеткен (2015 ж. — 67,4 млрд тең). Бір тұрғынға жұмсалатын қаржы 39,5 мың теңгеден асқан. Емдеу мекемелерінің материалдық-техникалық базасы да ауыз толтырып айтарлықтай жақсарып келеді. Медициналық қызмет көрсету сапасы әсіресе ауылдық жерлерде артқан. Емханалар мен ауруханалар салынып, жаңа технологиялар енгізуде ауылдағы ағайынның дені басым. Мәселен, өткен жылы 8 медициналық мекеменің құрылысы аяқталған, оның алтауы жергілікті бюджеттен (434,9 миллион теңге), 2 мекеме республикалық бюджеттен (4345,0 млн тең) салынған. Жергілікті бюджет есебінен 15 емдеу мекемесі күрделі жөндеуден өткізілген.

Облыс орталығы Талдықорған қаласының архитектуралық көрінісін жақсарту үшін қалада орналасқан емдеу мекемелерін 3 қалашық

деңгейінде дамытамыз деген игі мақсат та алға қойылып отырған көрінеді.

Медицинаның ең негізгі саласы және міндеті — ана мен бала денсаулығын қорғау. Бүгінгі күні жас сәбилердің өмірін сақтап қалу үшін, жаңа заман талабына сай 46 СИПАП аппараты, шала туған нәрестелерге арналған 78 кювез, өкпені жасанды түрде демалдыратын 38 қондырғы қажет кезде көмек көрсетеді. Әлемдік деңгейге сай медициналық құралдармен жабдықталған 5 реанимобиль нәрестелерді

ауруханаларға жедел жеткізіп, баланың жанын сақтау үшін барын салады екен.

Екі миллионға жуық халық тұратын облысымызда медицина қызметкерлерінің аздығы байқалады. Бірақ оны шешу мәселесі күн тәртібінен түскен жоқ. 2015-2016 жылдары емдеу мекемелеріне 89 жас маман жұмысқа орналасып, 45-сі жеке пәтер, 56-сы үй салуға несие алыпты. Медициналық жоғары оқу орындарына бөлінген оқу гранттардың саны — 82, бүгінгі күні 11 түлек осы грантпен білім алып, облыстың емдеу мекемелерінде жұмыс жасауда.

Ал осы жылы облыс әкімдігі, Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі, Асфендияров атындағы Ұлттық медициналық университеті арасындағы үш жақты келісімшарт бойынша облысқа 135 жас маман жұмысқа келеді деп жоспарлап отыр.

Өңір басшысы Амандық Ғаббасұлы әр саланың

көрсеткіштері де жылдан-жылға төмендеп келеді. Биылғы жыл басы медицина қызметкерлері үшін қуанышты жаңалықпен басталды. Жылдың басында тек қана медицина қызметкерлеріне арналып салынған 60 пәтерлі тұрғын үй қолданысқа берілді. Үйлі болған дәрігерлеріміз шексіз қуанып жатты. Жалпы, облыста медициналық қызмет көрсету үшін әкімшілік тарапынан, министрлік тарапынан қолдау көп.

Байдубаһар БЕКБОЛАТҚЫЗЫ,
ардагер дәрігер:

— Медицина кәсібі — адамгершіліктің асылы деп бекер айтылмаған. Біздің әрқайсымыз өмірдегі денсаулықтан, жақындарыңыз бен туғандарыңыздың денсаулығынан артық құндылық жоқ екенін түсінеміз. Дәл осы құндылықты сақтап қалуға негізделетін аса жауапты жауапкершілік ақ халатты жандарға жүктеледі. Сондықтан, біз осы жүкті аса жауапкершілікпен

қызметкерлерін тұрғын үймен қамту мәселесін онтайлы шешкен әкім. Оның ұйғарымымен былтыр тек қана жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналып 60 пәтер қолданысқа берілсе, биыл бір уақытта бірден 60 медицина қызметкерлері баспаналы болды.

Салтанатты жиында облыс әкімі денсаулық сақтау саласына еңбегі сіңген қызметкерлерді, алтын қолды дәрігерлерді алғыс хатпен, бағалы сыйлықтармен марапаттады. Облыстағы медицина мекемелерінің қызметкерлері арасынан «Ең үздік дәрігер» аталымымен Карасай аудандық ауруханасының хирург дәрігері Максим Статников, «Үздік мейірбике» номинациясы бойынша Сарқан аудандық орталық ауруханасының мейірбикесі Салтанат Малайбекова 100 мың теңге ақшалай сыйлыққа қол жеткізді. Сондай-ақ «Үздік аудандық аурухана», «Үздік менеджер», «Кезексіз емхана» сынды номинациялар бойынша да қомақты қаржымен медицина мекемелері марапатталып жатты.

Асхан БАЙДУӘЛИЕВ,
Алматы облысы денсаулық сақтау басқармасының басшысы:

— Облыстағы халықтың өмір сүру ұзақтығы 72 жасқа дейін кеміді. Ана мен бала өлімі де азайды. Туберкулез, онкологиялық аурулардың

арқалап жүргенімізді айтқым келеді. Төл мерекелеріңіз құтты болсын, әріптестер!

Максим СТАТНИКОВ,
Карасай аудандық ауруханасының хирург-дәрігері:

— Мен өзімнің Қазақстанда туғанымды шексіз мақтанш етемін. Бұл ел маған бәрін берді: білім, мамандық, сүйікті кәсібіммен айналысуға мүмкіндік. Менің отбасым — біздің еліміз сияқты көпұлтты өкілдерден құралған. Әйелім — қазақ, өзім — орыспын. Екі бала тәрбиелеп отырмыз. Алматы облысында медицина қызметкерлерінің сапалы еңбек істеуіне барлық жағдай жасалғанына аса ризамын. Сондықтан, Алматы облысындағы медициналық қоғам «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын лайықты деңгейде аяқтап, енді «Денсаулық» бағдарламасын іске асыруға белсене кірісті. Алматы облысы өзіндік амбициясы бар, алдына үлкен мақсаттарды қоятын және соған жете алатын ауызбіршілігі бекем өмір. Осындай өлкеде туып-өскеніме, қызмет істейтініме дән ризамын. Біздер, ақ халатты жандар адам жанын аурудан арашалауға бар күш-жігерімізді арнаймыз.

Шынарғұл ОҢАШБАЙ,
Алматы облысы



Ақ халаттылар арқалаған жүк ауыр



Көкжиек



Алматы облысына іссапармен келген Премьер-министр Кәрім Мәсімов өңірдің даму динамикасы мен экономикалық хал-ахуалымен танысты. Күннен-күнге көркейіп келе жатқан Талдықорған қаласының Оңтүстік Батысындағы ауданын аралап, шаһарға жаңа тыныс беріп тұрған ғимараттарды көрді.

Серпіліс

Шаруаға субсидия беру уақытша тоқтатылды. Бұл туралы ауыл шаруашылығы министрі Асқар Мырзахметов Алматы облысының орталығы – Талдықорғанға іссапармен келгенде айтты. Министр өзі басқаратын саланың Алматы облысындағы хал-ахуалына қанық болу үшін өңірдегі бірнеше нысанға барып, диканшылармен, кәсіпкерлермен кездесті.



Сонымен бірге арнайы аппараттар мен автоматтандырылған жаңа технологияларды пайдалану арқылы отын мен коммуналдық қажеттіліктерге кететін шығынды төмендету көзделген. Әлбетте, жанарудың бұл түрі шығарылған өнім сапасының артуы мен өнімнің өзіндік құнының арзандауына мүмкіндік тудырады.

Асқар Исабекұлы Көксу ауданындағы жаңа салынып жатқан 400 мүйізді ірі қараға арналған сүт – тауарлы фермасында да болды. Бұл нысан мемлекеттік жекеменшік серіктестік негізінде қолға алынған инвестициялық жоба. Мұнда әлемнің озық инновациялық технологияларын қолдану арқылы жылына 2560 тонна сүт алу жоспарланған.

Көксу ауданындағы ірі өндіріс орындарының бірі – май бұршақ өндіретін «Уыз май Industry» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.



Кооперация құру – ЗАМАН ТАЛАБЫ

диканшылардың оң жамбасына келетіндей етіп таратылатынын айтты. Сонымен бірге министр ауыл шаруашылығын кооперациялау мәселесінің өзекті екенін алға тартып, диканшылардың осыған бейімделе беруі керектігін тілге тиек етті. Ал дала төсін дүбірге бөлеп, табанақы, мандай терін төгіп жүрген шаруалар салық төлеу машақатының ұлғаятынын айтып, бұл реформаға дайын еместігін білдірді. Алайда ауыл шаруашылығы министрі кооперациялаудың артықшылығын айтып түсіндірді. Оның сөзіне қарағанда, кооперациялау арқылы қосалқы шаруашылықты дамыта аламыз. Сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіретін өндіріс орындарына сапалы шикізат жеткізуге мүмкіндік туады. Кооперация құруды қолдайтын «Нам» шаруа қожалығының басшысы Герман Нам салық төлеу механизмін дұрыс жолға қойса, бұл бастаманың ауыл шаруашылығын дамытуға аса үлкен септігін тигізетінін айтады.

Кәсіпорын негізінен май бұршақты сатып алу, сақтау және қайта өңдеумен айналысады. Алматы облысы – май бұршаққа бай мекен. Оны өңдеу ісі де кенжелеп қалмады. 2013 жылы кәсіпорын кеңейтіліп, жаңадан бұршақ майы мен күнжара өндіретін зауыт іске қосылды. Жылына 40,8 мың тонна май бұршақты қайта өңдеуге қауқарлы кәсіпорын өндіріс көлемін арттыру үшін 2016-2018 жылдар аралығында жалпы құны 1 миллиард 150 миллион теңге болатын 3 инвестициялық жобаны іске асыру арқылы 60 жаңа жұмыс орнын ашуды жоспарлап отыр. Қазіргі таңда мұнда 100 адам жұмыспен қамтылған. Кәсіпорын басшысы министрмен кездесу кезінде шикізат тапшылығын айтты. Оның айтуынша, май бұршақтың өнімділігін арттыру маңызды мәселеге айналып отыр. Асқар Исабекұлы бұл мәселенің түйінін тарқатуға дайын екенін, тек жобасын, қаржылық сметасын жасауды ұсынды. Қант қызылшасын өсіретін Көксу ауданындағы «Қайрат» шаруа қожалығы мен Талдықорған қаласындағы «JLC сүт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне табан тіреп, жұмыс барысымен танысып қайтты. Мұнда кәсіпорын басшылары шикізат тапшы екенін,



сапасы сын көтермейтінін айтып, бұл салада шаруалардың малдың тұқымын асылдандыру қажеттілігін алға тартты. Министр ол үшін кооперация құру, ауыл шаруашылығы өнімін дайындайтын ірілі-ұсақты кәсіпорындардың басын біріктіруді қолға алсақ, бұл мәселенің шешімі табылатынын баса айтты.

Беттің даңыдаған Шынарғұл ОНАШБАЙ, Алматы облысы

Жастарға жағдай жасалған

Қала құрылысы жобасы бойынша, жалпы аланы 394 гектар болатын бұл ауданда 280-320 орындық 9 балабақша, 1200 орынды 5 мектеп, 500 адамдық емхана, 16 қабатты қонақүй, драма театр, салтанат сарайы, оқушылар сарайы, жастарға қызмет көрсету орталығы ғимаратын салу жоспарланған. Сондай-ақ оңтүстік батыс ауданның инженерлік жүйесі дұрыс жолға қойылып отыр. Бүгінгі күні бұл жерде 26,5 шақырым болатын сумен қамту, кәріз жүйесі магистральды желілерінің құрылысы аяқталған. Биылғы жылы 240 пәтерлі 4 тұрғын үй құрылысы аяқталып, 706 пәтерлі 5 коммуналдық үйдің құрылысы жүргізіліп жатыр.

Қазіргі таңда жастарға қызмет көрсету орталығы мен оқушылар сарайы қонақүйдің құрылысы аяқталған. Үкімет басшысы осы екі ғимаратқа кіріп, облыс жастарымен, өнерпаз оқушылармен танысып қайтты. Қызмет көрсету орталығы – жастардың өмір тіршілігінің өзекті мәселелерін шешуге сервистік көмек көрсетуді көздейді. 670 адам сыятын ғимаратта 24 кабинет, бір көпфункционалды, үш лекция залы бар. Мұнда облыстық жастарға қызмет көрсету орталығы, жастар ұйымдары қоныстанады. Қызмет көрсету орталығы жастарға құқықтық көмек көрсетеді

залдары, медиатека, музей, өсімдіктер бұрышы, дыбыс жазу студиясы, жұлдызды зал және обсерватория бар. Мұнда алты жастан бастап ағылшын тілін үйретеді. Жұлдызды залда ғарыш жүйесі, жер планеталары, аспан денелері және тағы басқалар туралы танымдық бағдарламалар көрсетіледі. Бұл балалардың дүниетаным көкжиегін кеңейтуге берілген үлкен мүмкіндік. Үкімет басшымен келген делегация оқушылар үйін аралап жүргенде әр кабинетте тәлім алушылар өзі таңдаған бағытта дайындалып жатты. Бірі ағылшын тілін



үйреніп, енді бірі кеме жасауға машықтанып, техниканың тетігін менгеруге талпынып жатыр. Қыздар жағы би билеп, бір топ балалар сурет салып отырды. Оқушылар сарайы 1800 орынға арналған. Сарайдың мәжіліс залында Үкімет басшысы Кәрім Қажымқанұлы жиын өткізді. Онда облыс әкімі Амандық Баталов өңірдің бүгінгі күй-қалпын, болашақтағы даму жоспары туралы баяндама жасады. Амандық Ғаббасұлының айтуынша, биыл барлығы 13 мың жаңа жұмыс орны ашылады. 2015 жылы жалпы ішкі өнімнің көлемі 1,6 пайызға өскен. Өнеркәсіп саласында былтыр 550 миллиард теңгенің өнімі өндірілсе, биылғы жарты жылда бұл көрсеткіш 250 миллиард теңгеге жуықтады. Ал ауыл шаруашылығында 450 миллиард теңге кіріс кірді. Құрылыс саласында былтыр 22 мың жұмыс орны ашылды. Биыл облыстағы жобаларға 515 миллиард теңге құю көзделген. Қазіргі таңда құны 214 миллиард теңгеден асатын ірі 30 жоба іске асыру жоспарланып жатыр. Оның 14 агроөнеркәсіп кешенін дамытуға бағытталған.

Жиында ауыл-аймақтағы ардагерлер, облыстың саяси өміріне белсенді араласып жүрген жандар және жас болса да бас болып, университет факультетінің тізгінін ұстаған жас буын да сөз алып, Елбасының саясатын, өңірдің дамып өсуіне көңілі толатынын жеткізді. Білім және ғылым министріне білім саласындағы кейбір реформалар туралы көкейкесті сауалдарын қойып, тұщымды жауап алды.



және мемлекеттік бағдарламалар туралы ақпараттандырады. Орталықта Жетісудың озық ойлы жастары Премьер-министрдің алдында үш тілде өздерін таныстырып, облыстағы жастар саясаты оңтайлы жүргізіліп отырғанын айтты. Осыған разы болған үкімет басшысы олармен бірге суретке түсіп, жастардың болашағына бақыт тіледі. Ал оқушылар сарайына ат басын бұрған премьер балалардың өнерге, ғылымға бетбұрысын байқап, оларға разы болып, жақсы тілегін арнады. Оқушылар сарайы қала оқушыларының рухани дамуына, еңбекке баулуына, тілім-білімнің шамшырағын жарқыратуға арналған тәрбиелік маңызы бар мекеме. 5 блоктан тұратын үш қабатты ғимаратта 45 кабинет, 4 шеберхана, 8 зертхана, 3 көрме, концерт, мәжіліс, конференц-

Қолдау

Жуырда облыстық мәслихаттың құрамында жұмыс істейтін экономика және бюджет мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның отырысы өтті. Облыстық мәслихат депутаттарынан құралған жұмысшы тобы «Бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру үшін қайта өңдеу қуаттарын дамыту және кеңейтуге жағдай жасау» мәселелерін талқыға салды.

СЕРПІН

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



7



Жиында облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Қанат Серікбайұлы өткен жылы салада атқарылған жұмыстардан хабарлар етіп, алдағы міндеттерді түйіндеп өтті.

К.Серікбайұлы «Маңғыстау облысы бойынша ауыл шаруашылығы ішкі өнімінің көлемі 2015 жылы 11,7 млрд тенгені құрап, 2014 жылмен салыстырғанда 29,1 пайызға артты. Өткен жылы мал шаруашылығы саласы бойынша өндірілген өнім көлемі 9,7 млрд тенгені құрады. Облыста ешкі малының азаюы — күтіп-бағу, қыста жем-шөп тапшылығынан, 2013-2014 жылдардағы қуаншылықтың салдарынан, бақташылардың жоктығынан туындап отыр. 2015 жылы 48,9 тонна ірі соялы шөп дайындалып, жоспар артығымен орындалды. Сондай-ақ мал шаруашылығы саласында 84,2 млн теңге субсидия қаржысы игерілсе, биыл жергілікті бюджеттен 80 млн теңге көлемінде субсидия қарастырылды. Соңғы жылдары мал шаруашылығымен айналысатын шаруалар саны артты. Биыл облысымызда егін шаруашылығын дамытуға жергілікті қазынадан 174 млн теңге қаражат бөлінді. Өткен жылы ауыл шаруашылығы дақылдарының анықталған егістік алқабы 1087 гектар болса, тамшылата суару әдісін пайдаланатын жер көлемі 893,5 гектар. Бұл — өткен жылғы көрсеткіштен 250 гектарға артық», — деді.

Сондай-ақ ол ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу өндірісін кеңейту және дамыту бағытында атқарылған жұмыстарға тоқталды. Сөз соңында түйе шаруашылығын дамытуға арналған бағдарлама қабылдау

Маңғыстау облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Халила Нұрғалиева облыста жыл аяғында өзгеріс енгізілетін «Аймақтарды дамыту» бағдарламасына түйе шаруашылығын дамыту бағытын кірістіріп, ұсыныстар беруіге болатынын жеткізді. Депутат Жанбырбай Дәрменов малға беретін жем-шөп тапшылығы мәселесін қозғады.

Облыстық мәслихат депутаты, жұмысшы тобының жетекшісі Сәуле Жақаева «Елбасы Н.Назарбаев жариялаған бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 35,36,60,61-қадамдары кәсіпкерліктің көкжиегін кеңейтуге бағытталған. Жұмысшы тобы шалғайдағы шаруа қожалықтарын аралап, жағдайларымен танысып келді. Облыста сүт, жүн өнімдерін өңдеумен айналысып жүрген «Сенек» ЖШС өндірісінің өрісін кеңейтуіне кедергілер бар.

Атап айтсақ, жылқы сауатын зауытты аяқтау, қымыз цехын жасақтау, мал соятын цех орнын кеңейту, қасынан арзан көтерме дүкен салу, ет, сүт, көкөніс өнімдерін сататын базар ашу жоспары бар. Оның бәрі қолдауды,



беретін аруана түйені баккымыз келеді. Бірнеше жауапты мекемелерге хат жазғаныммен, қолдау көрсетілмеді. Үш жылдан бері 300 млн

тенгені ала алмай жүрмін.

Ауыл шаруашылығы министрі Асылжан Мамытбековтің қабылдауында болғанда Түрікменстаннан аруана түйелерді әкелуге көмек көрсетуді сұрадым. Айыраркеш түйе күніне 2 литр, аруана түйе 10 литрге дейін сүт береді. Біз өндірген шұбака Иран, Мәскеу, Шешенстаннан сұраныс көп түседі. Экспортқа шыққымыз келгенімен, жеткілікті деңгейде өндіре алмай отырмыз. Шұбат өндіруді жолға қоюға көмектесуіңізді сұраймын. Сивр мен түйенің сүтінің 1 литріне 55 теңгеден субсидия беріледі. Негізі, сүтті өндеп, халыққа жеткізу үшін 1 литрге 375 теңге кетеді. Түйенің жүнінен өнім өндіруді қолға алдық. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту» АҚ арқылы алған 23 млн теңге несиеге жана құрылғылар әкелдік. Мемлекет тарапынан қолдау болса, цехты кеңейтіп, үлкен көлемде жүн қабылдап, өңдеуге қауқарымыз жетеді. Ақтауда ауыл шаруашылығы өнімдерін сататын арнайы орын болу керек деп санаймын. Шаруашылық үшін су мәселесі де өзекті. Біз 15 жылдан бері «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-мен келісімге келіп, «Еділ» өзенінің суын пайдаланып келеміз. Бірақ соңғы жылдары өзен суы мұнай компаниясының өзіне жеткілікті. Күніне бір түйе 60 литр су ішетіндіктен, бізге де қиынға соғып отыр», — деді.

Жиын соңында жұмыс тобы тарапынан ұсыныс-пікірлер айтылып, қаулы қабылданды.

немесе «Кулан» бағдарламасына кірістіру қажеттігін ұсынды. Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің өнімдерін өндіру үшін пайдаланатын электр қуаты құнының қымбаттауына байланысты осы максатта шығатын шығындарды субсидиялау механизмі жасақталу қажеттігін жеткізді. Облыстық мәслихат депутаты Нұрпейіс Сәрсенбай ұсақ шаруашылықтарды ірілендіру бағытындағы жұмыстарды жүйелі жолға қою, республикалық нормативтерді Маңғыстау өңірінің ерекшеліктеріне қарай реттеу қажеттігін, су көздерін тиімді пайдалану мәселелерін көтерді. «Нұр Отан» партиясы



қаржыны қажет етеді. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіретін «Мерей» шаруа қожалығында болдық. Жарты жылда 92 тонна кияр, 22 тонна болгар бұрышы, 14 тонна қызанақ алған. Қазіргі таңда жылыжай өнімінің 70 пайызын Жанаөзен халқына, 30 пайызын Ақтау мен жақын ауылдарға сатып отыр. Жылыжай үшін су тапшылығы өзекті мәселе болып отыр. 150 тұрғынды жұмыспен қамтып отырған «Жанаөзен» сүт зауыты жылына 110, 120 тонна сүт өнімдерін шығарады. Өнімнің тазалығы химиялық және биологиялық зертханадан тексеруден өтеді. Біз отандық өнімді дамытамыз, орта және шағын бизнеске өріс ашамыз десек, қадамын енді басқан кәсіпкерлерге назар аударуымыз керек. Мал сою және мал сақтау орындарының ветеринариялық талапқа сай болуын қадағалау, бюджеттен қаржы бөлу арқылы су тапшылығын жою, мал және егін шаруашылығы үшін жер телімдерін кедергісіз жеке кәсіпкерлерге беру немесе бақылауда ұстау, жылыжайларды көбейту, тері мен жүннен, жылқы қылынан жасалатын ұлттық бұйымдар өндіретін кәсіпкерлерге қолдау, суға және жем-шөпке барынша субсидия бөлу қажет», — деді.

Жиында «Ауыл шаруашылығын қаржыландыру қоры» АҚ МОФ директоры Мұрат Баймағанбетов

Инвестиция игілігі

Реттеу орталығы ашылды

Маңғыстауда электр қуатын бөлу және таратумен айналысатын диспетчерлік орталық ашылды. Бұл инвестициялық жобаның игілігі шалғай ауылдар мен кен орындарына берілетін жарық көзін жан-жақты бақылауға мүмкіндік береді. Өңірлік диспетчерлік орталықтың жұмысымен «Самұрық-Энерго» АҚ басшылығы, облыс әкімі А.Айдарбаев, оның бірінші орынбасары С.Алдашев, Ақтау қаласының әкімі С.Трүмов және өндірістік мекеме басшылары танысты.

Реттеу орталығында диспетчерлер 45 шаршы метрді құрайтын бейнекабырғада онлайн режимінде қуат көзін қадағалап отыр. Қосалқы стансалардың жұмысында ауытқулар немесе ақаулар орын алғанда бірден хабарланатын бағдарламалармен қамтылған. Құны 1,3 млрд тенгені құрайтын екпінді жоба «Маңғыстау ЭБК» АҚ-ның 2014-2016 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламасы аясында жүзеге асырылды.

«Маңғыстау электротараптық бөлу компаниясы» АҚ-ның бас инженері Жаксылық Сағымбековтің айтуынша, облыс аумағында кәсіпорынға тиесілі 57 қосалқы станса бар. Оның 10-нан астамына күрделі жөндеу жүргізілген. Қазіргі уақытта

бейнекабырғада Бейнеу ауданындағы және Ақшұқырдағы қосалқы станса диспетчерлік басқаруға алынған. Компанияның 2016-2020 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламасы аясында 27,7 млрд теңгеге қосалқы стансалар жаңғыртылып, 110/220 кВ жоғары вольтті желі салу жұмыстары жасалады.

Өңірлік диспетчерлік орталықтың тынысымен танысқан қонақтар 3-4 айдын көлемінде компанияға пайдалануға берілген жаңа ғимараттың ішін аралап



көрді. «Самұрық-Энерго» АҚ басқарушы директоры-басқарма мүшесі Серік Түйтебаев электр желілерін басқарудың озық үлгісі компанияның жұмысын жақсартып, облыстың үздіксіз жарықпен қамтылуына толыққанды жағдай жасайтынын атап өтті.

Суреттерді түсірген
Қуаныш ИСМАЙЛОВ

ЖЕТИСТІК

Жәрменке жұртшылықты жағдыратты



Маңғыстау облыстық мәслихатының ұйымдастыруымен «Достық» үйінде «Ата кәсіпке – бір қадам» аймақтық ауыл шаруашылығы өнімдерінің көрме-жәрменкесі өтті. Отандық өндірістің өрісін кеңейтіп, бизнестің буынын бекітуге бағытталған жәрменкеге облысымыздың қала және аудан-ауылдарынан 20-дан аса кәсіпкер қатысты.

Кең залдағы көрмеге ұлттық колөнер бұйымдарынан бастап, бау-бақша көкөністері, сүт және кондитерлік өнімдердің алуан түрі, тіпті бекіре тұқымдас балықтар да қойылған. Әсіресе, сары қымыз бен ақ шұбат, тіл үйіретін ірімшік, құрт, балкаймақ көрменің төрінен орын алыпты. Нарықтағы бағадан төмен әрі сапалы, экологиялық таза Маңғыстауда жасалған өнімдерге қызығушылық танытқан жұртшылық жәрменкедегі сауданы қыздыра түсті. Облыс әкімі А.Айдарбаев бастаған қонақтар көрме-жәрменкені аралап, жергілікті тауар өндірушілердің өнімдерімен танысты. Аймақ басшысы Алик Серікұлы ұлттық тағамдардан дәм татып, қаракөл қойының терісінен тігілген шапанды киіп көрді.



Облыс әкімі А.АЙДАРБАЕВ
«Аймағымызда ауыл шаруашылығы саласын дамытуымыз керек. Бұл саладағы мәселелер мен кедергілер бүгінгі конференцияда кеңінен талқыланады деген сенімдемін. Облысымыздың әр түкпірінен келіп, өнімдерін ұсынған тауар өндірушілерге алғыс айтамын», — деді.

Көрмеде облыс әкімі өңірде орта және шағын бизнесті дамытуға үлес қосқаны үшін бірқатар кәсіпкерге алғыс хат табысталды.

Аққалам ДҮЙСЕНБАЕВА,
«Заңғар-Асу» қоғамдық қорының төрайымы:

«2011 жылы «Заңғар-Асу» қоғамдық қоры жанындағы дайындық орталығында ата-бабаларымыздың төрт түлікті тамақ, көлік ретінде



пайдаланудан бөлек, оның көмескіленген емдік қасиеттерін жаңғыртуды қолға алдым. Оқушыларым осы тақырып төңірегінде ғылыми жобалар қорғады. Оқушыларымен бірге аттың қылынан ұтарақ, таңғыш-массажер, бас киім жасадық. Сонымен қатар емдік шөптерден, жылқының қылынан бронхит, өкпе, тері ауруларына және жөтелге жақпай май, жылма дайындаймын. Бүгін осы көрмеге Маңғыстау ауданынан келіп қатысып, облыс әкімінің қолынан Алғыс хат алдым, қуаныштымын. Көрмеде ауылдан алып келген өнімдерімнің бірнешеуі сатылып кетті».

Бетті дайындаған Фарида
МҰНАЛҚЫЗЫ,
суреттерді түсірген
Талант ҚҰСАЙЫН,
Серік МАЙЕМЕРОВ

Шымкентте аялдама атын дұрыс атамағандарға айыппұл салынады. Қоғамдық көлікте тілін бұрап сөйлейтін кондукторлар қазақтың ақиық ақындарының соңына «а» жұрнағын қосып айтуға тілі әбден машықтанып қалған.

Ендігі заң жобасы аясында көше атауын дұрыс атамаған азаматқа 10-20 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салынады. Облыстық тілдерді дамыту, архивтер мен құжаттама басқарма басшысының орынбасары Қасым Ағабеков «Бізді әсіресе қынжылтып отырғаны – Ахмет Байтұрсынов, Дінмұхамед Қонаев және Тұрар Рысқұлов секілді белгілі тұлғалардың аты берілген көшелерді орысша айтуы. «Кунаева, Рыскулова» дегенді көп естіміз. Ал өскелең ұрпақ жастар асыл азаматтарды әйел екен деп қалады», – дейді.

Енді «Кунаева», «Рыскулова» демеімін



Сағынаевтың сөзін естіп отырып, құлакқа түрпідей тиетіні, қарнының ашатыны соншалық, репортажды көрмей тұрып кеткім келеді». Міне, осындай пікір айтып жатады сайт оқырмандары. «Шынында, Сағынаевтың

түсіріпті! Кешірініздер, тонқайып жатыр екен! Кешірініздер, ештеңе болмапты! Ерігіп құлай салған Марио Балотелли екен» дей салмайды ма?

«Марсело ауызша сары қағаз алды» дегенді де естіп, есімізден танып қала жаздалық! Айтпақшы, «Майда-майда пастар» деген сөзді естініздер ме? Олан да: «құмалақтай-құмалақтай пастар» десе ғой? «Шабуылдаушы допты алды» дейді. О заманда бұ заман қазақ кашан «шабуылдаушы» деп еді?

Журналистиканың санлағы Сейдахмет Бердіқұловтан ұят болды-ау. Допты алып, баска жакка кетіп қалғандай... Ой, айта берсек, ауыздан ұят... Егер мен

комментатор болсам... Егер мен... Жә, шынымды айтайын, абыройым ашыған айрандай болғанша, қолды

бір сілтеп, кетіп қалар едім! Солай, мырзалар!

Мұхтар ШЕРІМ



сөздерін сиыр жалап кеткендей, омпай-томпай қисайып тұратыны рас...», – деп қояды менің көршім. Қайран, казак комментаторлары! Қайдағы жоқ жұқсыз, жыртық сөзкерді қайдан тауып алады десенізіші! «Агуэроны айып аланында шалып жықты. Кешірініздер, айып аланында емес екен. Кешірініздер, шалып жықтапты. Өзі құлаған Марио Балотелли екен» дейді! Одан да: «Агуэроны айып аланында шалкасынан түсірді! Кешірініздер, етпетінен

Етер комментатор болсам... (Фельетон)



Егер мен бар ғой, мына мен Францияда өтіп жатқан Еуро-2016 футбол чемпионатында комментатор болсам, ой бір көрерменнің айызын қандырып, талайын сөзбен талдырып, артымыда «тарихи оқиғалар» қалдырып, сөзден сағыз жасап шығарар едім! Сенбейсіздер ме, не? Қазіргі комментаторлар менің қасымда қант жеп отырар еді, аузынан сілекейі ағып... Мен деген асабалығым да бар, кереметтін ғой!

Міне, қараңыздар, Франция мен Ирландия командалары арасындағы ойында былай бөсер едім:

— Ассалаумағалейкум ағайын, бармысыздар бауырлар, хош келдіңіздер құда-құдағилар! Ой, кешірініздер, көңілдері алабұртып, «ойпырым-ай, кім жеңер екен?» деп ойлары он сакка қашып кеткен, қиялдары алты қыр асып кеткен құрметті футбол ғашықтары! Қазір допка талас басталады, ортаға ала доп тасталады , бір кезде ойыншылар түк көрмегендей бас салады! Өне, ана бір негр аты кім еді өзі? Қап, тілімнің ұшында тұрғаны! Допты тізесімен қағып жіберіп, қуалай жөнелді! Алдынан анау шықты. Бельгия шабуылшысы. Аяғы қандай, сымбатты еді десенші! Көзі қандай? Оттай жанып тұр ғой! Шашы тікелейіп, кірпігі үзіліп түсердей болып, оскырынып келді де, допты әуелете тепті! Доп аспанға ұшып, бір сәт тоқтап қалғандай болды. Бір кезде аспанға қолын көлегей леп қарап тұрған Бельгия, ой кешірініздер, Ирландия қорғаушысын француз командасының шабуылшысы иығымен соғып жіберіп, аяғына бір тепті. Анау допты басымен ұрып жіберді, дегенмен сокқының әсерінен етпетінен түсті! Франциялық негр ереже бұзды. Төресі сары қағаз көрсетіп, айыппұл төлеттіре жаздалы. Еесіне, ирландиялықтар пенальти ұратын болды! Гол! Доп қақпаның жақтауын сүйіп алды да, торға барып тоғытылды! Бірінші тайм аяқталғанша ашулаңған, «нерві» тозған Француз шабуылшылары ала допты тесіп жіберердей теуіп, қайта-қайта ирландиялықтардың қақпасын торуылдаумен болды. Кешірініздер, әйелім телефон соғып жатыр еді... Иә, тыңдап тұрмын, жаным! Қазір шыға алмаймын, матч аяқталған жоқ, иә,

кешірініздер, тақырыптан сәл ауытқып кетіпмін. Сонымен үзіліс! Бірақ екінші тайм басталатынын естен шығарып алып, көгілдір экран алдынан кетіп қалманыздар! Өне, екінші тайм басталды! Француз командасының шабуылшысы «ә» дегеннен зыр жүгірді. Шаршап кетті байғұстар. Ойында отырып, темекі шегіп алуға рұқсат жоқ қой! Уақыт — гол! Гол салу керек оларға! Өйтпесе, позор! Маскара! Мен білсем, екі гол соғады! Иә, айтқаным айдай келді! Гол соқты екі рет! Есеп екі де бір!

Міне, көрліңіздер ме, егер мен комментатор болсам, осылай сөздің сүйегін мүжіп, ой бір рахаттана сөйлер едім! Эмоцияға беріліп, айқайлап кетер едім! Шынғырар едім! Жерге аунай кетіп, жылап та алар едім!

Жәй, әшейін, ойнап айтып отырмын. Қайтер екен десем... Дәл мен сияқты комментатор болса, көрермен теледидардың даусын өшіріп, тек футболшылардың сұлбасын ғана көріп отырар ма еді? Кешірініздер, менің қолымнан комментатор болу келмейді, бірақ бар ғой, қазіргі чемпионатта жүрген комментатордың сөзінен салат жасауға болады! Бірақ дәмсіз «салат» болар еді! Біздің казак кайбір комментаторға жарып еді? Кезінде әншілерге дейін комментатор болып, Мәдина Сәдуақасованы айтамын, Азияданың ашылу салтанатында күлкіге қарық болып, едік қой? «Қазак комментаторларының деңгейі кашан көтеріледі? «Олар репортаж жасағанда құлағымды жауып отырамын, болмаса даусын басып тастаймын», «Спорт комментаторы көпірме көп сөзді емес, білімді де білікті, казак тіліне жетік маман болуы тиіс», «Асхат




Журналистердің кәсіби мерекесіне орай Qazaq air әуекомпаниясымен BESTkz туроператоры бірігіп, алматылық бір топ қалам тербеген, диктофон мен микрофонды серік еткен маман иелерін қазақ журналистикасының отаны саналатын – Қостанай қаласына апарды. Үш күндік сапар аясында Қостанай қаласымен танысып, қазақ журналистикасының ізін қалыптастырған Ахмет

Байтұрсынов, Ыбырай Алтынсариннің мұражайын аралап, алғашқы қазақ журналистикасының негізін қалаушылардың бірі – Мұхамеджан Сералиннің туған жеріне бардық. Қостанайдың ажарын аша түсетін ғажайып мүсіндерімен кең алаңдары, көрікті гүлзары, көне тарихи нысандары қалаға ерекше сән беріп тұр.



Мұражайға бай – Қостанай



Директор — Бас редактор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алкасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ Бас редактордың бірінші орынбасары

Мендолла ШАМУРАТОВ Бас редактордың орынбасары – Астана қаласы өкілдігінің жетекшісі

Ғалия ҚАЛИЕВА

компьютер орталығының жетекшісі

Бөлім редакторлары:

Марат МАМАНБАЙ – қоғам және әлеумет

Мақпал НОҒАЙБАЕВА – өнер және руханият

Руслан ДОСТАЕВ – арнаулы тілші

Кәмшат ТӨЛЕШОВА – терімші

Мехмет СЕМЕРЖИ – фототілші

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байқал БАЙӘДИЛОВ – Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Шынарғұл ОНАШБАЙ – Алматы облысы (8 701 503 02 76)

Асқар АҚТІЛЕУ – Ақтөбе облысы (8 778 523 44 96)

Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ – Маңғыстау облысы (8 702 799 06 22)

Дүйсенбек АЙБЕКОВ – Жамбыл облысы (8 705 227 45 16)

Айхан БАШТАШ – Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА – Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың орынбасары
Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй (Абай даңғылының қиылысы)
Телефондар: 8(727) 394-37-22; факс: 394-39-68
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 394-39-67 (жарнама бөлімінің ішкі нөмірі 108)

Газет «Дәуір» ЖШС РПНҚ (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54 Тапсырыс – №2105; Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы – 45 000 дана

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г кұалігі берілген.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana», «Ethiud Air ways», «Turkish Airlines», «BMI», «QazaqAir» әуесжолдарының ұшақтарында бар.